9. Сауда	18. Бала білмейді (жауап беруге киналады)

38. Сен мектептен кейін қайда оқуға түсуді жоспарлаудасың?

1. Лицей	4. Ешқайда
2. Колледж	5. Бала білмейді (жауап беруге киналады)
3. ЖОО	

39. Сен әрі қарай оқуды жалғастыру үшін бүгінде не істеп жатырсың?

1. Мектепте барлық үй тапсырмаларын орындаймын	5. Басқа (нақтылау) _____
2. Қосымша оқулықтар оқимын	6. Ештеңе
3. Қосымша сабақтарға барамын _____ бойынша	7. Бала білмейді (жауап беруге киналады)

4. Мұғаліммен қосымша дайындаламын

#### 40. Саған жұмысқа тұру үшін қандай құжаттар қажет болады?

1. Жұмысқа өтініш	5. Бала барлық құжаттарды атады
2. Жеке бас куәлігі	6. Басқа (нақтылау) _____
3. Мектеп аттестаты	7. Бала білмейді (жауап беруге киналады)
4. Мүгедектік туралы куәлік	

#### 41. Өз бетінше тұрған кезде ақшанды қайда жұмсайсың?

1. Оқуға, курстарға	6. Киімге
2. Емделуге	7. Тамаққа
3. Тұрғын үйге	8. Жаратпаймын (жинаймын, банктен салым ашамын)
4. Машинаға	9. Басқа (нақтылау) _____
5. Саяхаттарға	10. Бала білмейді (жауап беруге киналады)

#### 42. Сен қалай ойлайсың, жақсы ата-ана болу деген не?

1. Баланы жақсы көру	5. Баланың болашағын ойлау
2. Баланың жағдайын жасау, барлық жағынан көмектесу	6. Балаға қалаған нәрселерін алып беру
3. Баланы тыңдау	7. Басқа (нақтылау) _____
4. Баланың өміріне қызығушылық білдіру	8. Бала білмейді (жауап беруге қиналады)

#### 43. Сенің құқықтарыңды қандай заңдар қорғайды?

1. Бала заңдарды дұрыс атайды	3. Бала білмейді (жауап беруге қиналады)
2. Бала құқықтарды атады, бірақ заңдардың атауларын білмейді (балалар, мүгедектердің құқықтары, ақысыз білім беру, ақысыз емдеу, демалыс және с.с.)	

#### 44. Егер сені бір нәрсе мазалап тұрса, әкеңмен (анаңмен) сөйлесу оңай бола ма?

1. Иә	3. Әрдайым емес
2. Жоқ	

#### 45. Өмірдегі сенің мақсатың қандай?

1. Ғарышкер болу, басқа _____	6. Отбасы құру (тұрмысқа шығу (үйлену), бала туу)
2. Басқа балаларға (мүгедектігі бар адамдарға) көмектесу	7. Жетістіктерге жету
3. Көп ақша табу	8. Басқа (нақтылау) _____
4. Емделіп шығу, дені сау болу	9. Менде мақсат жоқ
5. Олимпиада ойындарында жеңіске жету	10. Бала білмейді (жауап беруге қиналады)

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
С т а т и с т и к а                      а г е н т т і г і                      т ө р а ғ а с ы н ы ң  
2 0 1 3                      ж ы л ғ ы                      2 3                      қ а з а н д а ғ ы  
№                      2 4 6                      б ұ й р ы ғ ы н а                      қ о с ы м ш а  
2-қосымша

«Гендерлік ерекшелігі есебімен мүгедектігі бар 18 жасқа дейінгі балалардың өмір сапасы (сұрақнама)»

**(коды 3025105, индексі БМ, кезеңділігі біржолғы)**

**жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық**

1. Осы «Гендерлік ерекшелігі есебімен мүгедектігі бар 18 жасқа дейінгі балалардың өмір сапасы (сұрақнама)» (коды 3025105, индексі БМ, кезеңділігі біржолғы) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 7) тармақшасына сәйкес әзірленген және «Гендерлік ерекшелігі есебімен мүгедектігі бар 18 жасқа дейінгі балалардың өмір сапасы (сұрақнама)» (коды 3025105, индексі БМ, кезеңділігі біржолғы) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын т о л т ы р у д ы н а қ т ы л а й д ы .

2. Осы статистикалық нысанды толтыру мақсатында келесі анықтамалар қ о л д а н ы л а д ы :

1) әлеуметтік қызметкер — тұрмыста көмектесетін, сондай-ақ халықтың қорғалмаған топтарына (мүгедектігі бар балалар, зейнеткерлер, жетім балалар, босқындар және тағы басқа) моральдік және құқықтық қолдау көрсететін маман. Әлеуметтік қызметкер МӘМ (медициналық-әлеуметтік мекеме) және оналту орталығы сияқты мемлекеттік мекемелердің немесе ҮЕҰ-ның (үкіметтік емес ұйымдар) жалдамалы қызметкерлері болуы мүмкін;

2) логопед – ауызша және жазбаша сөйлеу мәнерінің бұзылуын алдын алу және түзетумен айналысатын маман;

3) сурдопедагог – кохлеарлық имплантанттары бар балаларға оналту жүргізетін, құлақтары нашар еститін және мүлдем естімейтін балаларды оқыту және тәрбиесімен айналысатын арнайы педагог;

4) тифлопедагог – көру қабілеті бұзылған балалардың тәрбиесімен, оқыту және дамытуымен айналысатын арнайы педагог;

5) дефектолог – психофизикалық бұзылуы бар балалардың тәрбиесімен, оқыту және дамытумен айналысатын, арнайы педагогика саласындағы маман;

6) еңбек терапевті — буындардың жұмыс істеуін белгілі бір дәрежесіне дейінгі калпына келтіру, белсенді еңбекке қосу арқылы психикалық ауруды социумға бейімдеу жөніндегі дәрігер;

7) ортопед – тірек-қимыл аппаратының аурулары мен деформацияларының диагностикасы, емдеу және алдын алумен айналысатын дәрігер;

8) диетолог — нәрлі тамақтандыруды ұйымдастыруға мамандандырылған дәрігер. Диетолог ас мәзірін құрастырумен айналысады;

9) иппотерапевт – атқа мініп жүру арқылы емдеу жөніндегі маман. Иппотерапия церебральді паралич, аутизм, кеш даму үстіндегі, Даун ауруымен

және басқа ауыр аурулармен ауыратын балаларды емдеуде жиі қолданылады;

10) кинезотерапевт – оңалту маманы, массажист, емдік гимнастика бойынша бір тұлғадағы маман. Кинезотерапия – адамды емдік дене шынықтырудың бір нысаны, онда белсенді және енжар қозғалыстарды, емдік гимнастиканың белгілі бір жаттығуларын жасау арқылы, нақты терапевтік нәтижеге қол жеткізіледі;

11) эрготерапевт – түрлі жаттығу құралдары мен ойын тапсырмаларының көмегімен қол-аяқтың қозғалыс белсенділігін қалпына келтіру жөніндегі дәрігер;

12) арт терапия – психотерапия бағыттарының бірі. Адамның психикасына әсер ету үшін осы бағыттың мамандары көркемөнердің түрлі шығармашылық әдістері мен түрлерін, мысалы, илеуді, сурет салуды, кинематографияны, фотографияны, әуенді және тіпті сайқымазақтануды қолданады;

13) өз бетінше қозғалуы – өз ортасында тиімді қозғалу қабілеті (жүру, жүгіру, кедергілерден өту, жеке және қоғамдық көліктерді пайдалану);

14) бағыты – өз бетінше кеңістікте және уақытты бағдарлау мүмкіндігі, қоршаған заттар туралы түсінігінің болуы;

15) қарым-қатынас (есту) – кедергілердің жоқ немесе бар болуы кезінде дыбыстарды және ауызша сөзді айыру мүмкіндігі (есту бағыты) және ауызша сөзді есту түйсігінің бұзылуын басқа әдістермен ауыстыру дәрежесі (хат, вербальды емес нысандар);

16) қарым-қатынас (сөйлеу) – сөз, дыбыс және тілдің басқа элементтері көмегімен қарым-қатынас жасау мүмкіндігі;

17) қарым-қатынас (әлеуметтік дағдылар) – қоршаған ортамен байланыс орнату қабілеті, қоғамдық ортаның моральдық-этикалық және құқықтық нормасына сәйкес өзін-өзі ұстау мүмкіндігі;

18) өзіне-өзі қызмет көрсету – әлеуметтік-тұрмыстық функцияларды тиімді орындау қабілеті және басқа тұлғалардың көмегінсіз қажеттіліктерін қанағаттандыру;

19) оңалтудың жеке бағдарламасы (бұдан әрі – ОЖБ) – оңалту шараларының түрлерін және өткізу мерзімдерін, нақты көлемдерін, сонымен қатар әлеуметтік көмектің түрлерін анықтайтын құжат, тиісті мемлекеттік органдар, кәсіпорындар, мекемелер және меншік нысаны мен шаруашылықпен айналысу тәсілдеріне қарамастан ұйымдардың орындауы үшін міндетті болып табылады;

20) үкіметтік емес ұйымдар – халыққа әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі қоғамдық бірлестіктер мен қайырымдылық қорлары, мүгедек балалар қоғамы, мүгедек балалары бар ата-аналар қоғамы және тағы басқа;

21) медициналық-әлеуметтік мекемелер (ұйымдар) – интернат үйі, аумақтық әлеуметтік қызмет көрсету орталығы немесе стационарлық немесе күндіз болу шарттарында қарттардың, мүгедектердің, соның ішінде жүйке жүйесі ауыратын мүгедектердің, медициналық қызмет көрсетуге және күтімге мұқтаж мүгедек

балалар тұрақты немесе уақытша тұруға арналған өзге де ұйым;

22) психиатриялық аурухана – психикалық денсаулық орталығының ескі атауы, Психологиялық денсаулық орталығы, Психикалық денсаулық мәселелері орталығы ;

23) куәландыру – медициналық-әлеуметтік сараптама өткізу, оның мақсаты тіршілік ету әрекеттерінің шектелуін, клиникалық-функционалдық және еңбек болжамын анықтаумен, ағза функцияларының бұзылуымен денсаулық жағдайының өзгеруін бағалау болып табылады.

3. Байқауға гендерлік ерекшелігі есебімен мүгедектігі бар тұлғалардың өмір сапасы бойынша іріктемелі зерттеудің іріктемесіне енгізілген және қатысатын 18 жасқа дейінгі мүгедектігі бар балалар жатады.

Байқау кезеңі 2014 жылғы 12 мамырдан бастап 12 маусым аралығындағы кезең болып табылады. Статистикалық нысанды пікіртерім жүргізуге уәкілетті тұлға (бұдан әрі – интервьюер) толтырады.

Статистикалық нысанда көрсетілген сұрақтар мүгедектігі бар балалардың (бұдан әрі - бала) ата-аналарына, қамқоршыларына немесе баланың күтімі мен тәрбиесімен айналысатын басқа ересек тұлғаларға (туыстар, әлеуметтік қызметкер, бала күтушілерге) қойылады.

Статистикалық нысанға Мүгедектігі бар баланы және оның даму жағдайларын байқау парағы қоса беріледі, оны баланың ата-аналарының, қамқоршыларының немесе баланың күтімі мен тәрбиесімен айналысатын басқа ересек тұлғалардың алдын ала келісімін алғаннан кейін интервьюер толтырады.

Мүгедектігі бар баланы және оның даму жағдайларын байқау парағы интервьюердің баланың қоршаған ортасын көзбен көрген байқаудың негізінде, сондай-ақ балаға қойған сұрақтарға алған жауаптардың нәтижесінде толтырылады.

4. Титулдық парақтың 1-тармағында қаланың, ауданның (қаланың) және ауылдық елді мекеннің (округтің) атауы көрсетіледі.

2-5-тармақтар супервайзерлер (статистика департаментінің интервьюердің жұмысына бақылауды қамтамасыз ететін қызметкері) интервьюерлерге ұсынған, зерттелетін респонденттердің тізімдерінде көрсетілген деректемелерге сәйкестендіріледі.

5. 1-бөлімде бала туралы сұрақтарға жауап беретін тұлға анықталады, сондай-ақ ол туралы және бала туралы қысқаша мәліметтер (жынысы, жасы) белгіленеді.

6. 2-бөлімнің 2.2-сұрағында баланың мүгедектігіне алып келген негізгі ауру немесе жарақат белгіленеді. Жауаптардың ұсынылған нұсқаларында балалардың мүгедектігінің ең кең тараған салдары (аурулар, жарақаттар және тағы басқа) көрсетілген:

1) жүктілік пен босану кезіндегі асқыну (перинатальдық кезеңде пайда болатын жеке жағдайлар, ол босану жарақаттары, жүктіліктің ұзақтығы мен ұрықтың өсуімен байланысты бұзылулар, ұрық пен нәрестенің ас қорыту жүйесінің бұзылулары және тағы басқа, мезгілінен ерте босану, резус-дау, құрсақтық гипоксиясы, клиникалық тар жамбас, ірі ұрық, нәрестенің а с ф и к с и я с ы н қ а м т и д ы ) ;

2) анасының жүктілік кезіндегі экстрагенитальдық аурулары (қан аздық аурулары, жүрек қан тамырлары аурулары, бүйрек пен қалқанша без аурулары, тыныс алу мүшелерінің аурулары, қант диабеті, зат алмасудың бұзылуы);

3) ата – анасының жұқпалы аурулары (токсоплазмоз, хламидиоз, сифилис, цитомегаловирустық инфекция, қызамық, туберкулез, АИТВ-инфекциясы);

4) ата – анасының генетикалық аурулары (тұқым қуалау факторы) (гемофилия, зат алмасу аурулары, Марфан синдромы, отосклероз, талассемия, и х т и о з ж ә н е т а ғ ы б а с қ а ) ;

5) ата-анасының өндірістік қызметінің, соның ішінде еңбектің қолайсыз жағдайларының химиялық факторлары әсерінен пайда болған ауруларды тудыру мүмкін (уланулар, интоксикациялар); термиялық және химиялық күйіктердің зардаптары; тыныс алу және ас қорыту мүшелерінің, жүйке жүйесі, көздерінің, сүйектерінің және тағы басқа органдардың; тері аурулары; иондаушы және иондаушы емес сәулеленудің әсерімен байланысты аурулар; жеке органдарды және жүйелердің шамадан тыс физикалық жүктеу және қысылуымен байланысты аурулар; кәсіптік бронхиттер, үдемелі алыстан көрмеу, аллергиялық аурулар ж ә н е т а ғ ы б а с қ а ) ;

6) ата – анасының зиянды әдеттері (ішімдік ішу, темекі шегу, есірткі);

7) өңірдегі жағымсыз экологиялық ахуал;

8) жарақат, улану және сыртқы себептер әсерінің бірқатар басқа салдарлары – кез-келген орындағы жарақаттар, әртүрлі уланулар, күйіктер, ү с і к т е р ж ә н е т а ғ ы б а с қ а ;

9) бас миының ісіктері, бас миының жұқпалы аурулары;

10) баланың созылмалы аурулары (демікпе, жүрек-қан тамырлары аурулары, бүйрек пен қалқанша без аурулары, тыныс алу мүшелерінің аурулары, қант д и а б е т і ) ;

11) туа біткен ауытқу (даму кемістігі), деформация және хромосомды бұзылулар келесі ауруларды қамтиды: жүректің туа біткен ақауы, ерін мен таңдайдың (қоян еріні мен қасқыр ауызы) жырылуы, Даун синдромы, омыртқа дамуының ауытқуы және тағы басқа.

7. 2.5-сұрақта әрбір жолда балаға қандай мамандар көмек көрсететінін және егер жоқ болған жағдайда неге екені белгіленеді. Әр жолда жауаптың бір н ұ с қ а с ы к ө р с е т і л е д і .



8. «Жауаптың нұсқаларын оқып беріңіз» деген ескертпелері бар сұрақтарда жауаптардың барлық нұсқасын оқып шығу және әр тармағы бойынша тиісті бағанды белгілеу қажет.

9. 2.6-сұрақта оңалтудың жеке бағдарламасы (ОЖБ) мүгедектігі бар тұлғалардың тіршілік әрекеттерінің шектелуін толықтай өтеу мүмкіндігі немесе жоюға (медициналық емдеу, қосымша техникалық құралдармен қамтамасыз ету, курортты-санаторийлік емдеу, жеке көмекшіні ұсыну және тағы басқа) бағытталған медициналық, әлеуметтік және кәсіптік іс-шаралар кешені дегенді білдіреді.

ОЖБ халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органның аумақтық бөлімшесі оңалту іс-шараларын жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдарының (қажет болған жағдайда), халықты әлеуметтік қорғау және басқа ұйымдар жүйесінің қызметкерлерін тартумен куәландырғаннан кейін бір ай ішінде әзірленеді.

О Ж Б :

- 1) О Ж Б картасынан;
  - 2) ОЖБ картасынан үзінді көшірмеден;
  - 3) ОЖБ-ның медициналық, әлеуметтік және кәсіптік бөлігінен тұрады.
- ОЖБ картасынан үзінді көшірме мүгедекке (немесе оның заңды өкіліне) беріледі.

10. 2.10-сұрақта психофизикалық дамудың скринингі ретінде психофизикалық дамуда артта қалу қаупі бар балалар тобын анықтау мақсатында 3 жасқа дейінгі балаларды жаппай стандартты тексеру және түзету-дамыту көмегін көрсету үшін оларды психологиялық-медициналы-педагогикалық кеңеске жіберу болып табылады. Скрининг тууға көмектесу мекемелерінің, балалар емханалары және медициналық-санитарлық алғашқы көмек көрсету мекемелерінің медициналық қызметкерлерімен жүргізіледі.

11. 3-бөлімінің 3.1-сұрағында бала баратын және бұрын барған мекемелер түрлері белгіленеді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 50 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2013 жылы 26 наурызда № 8390 тіркелген) білім ұйымдарының түрлері номенклатурасына сәйкес мамандандырылған білім ұйымдарына:

- 1) мамандандырылған мектеп;
- 2) мамандандырылған лицей (мамандандырылған мектеп-лицей);
- 3) мамандандырылған гимназия (мамандандырылған мектеп-гимназия);
- 4) мамандандырылған мектеп-интернаты;
- 5) мамандандырылған мектеп-лицей-интернат;
- 6) мамандандырылған мектеп-гимназия-интернат;

- 7) мамандандырылған музыка мектеп-интернат;
- 8) мамандандырылған спорт мектеп-интернаты (олимпиадалық резервтің мамандандырылған мектеп-интернат-колледж);
- 9) мамандандырылған әскери мектеп-интернаты;
- 10) қазақ-түрік лицейі;
- 11) мамандандырылған мектеп-кешені жатады.

Ғылыми-тәжірибелік орталықтар республикалық, өңірлік, өңіраралық болуы мүмкін.

Арнайы білім беру ұйымдары: психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес; оңалту орталығы; логопедтік пункт; психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті; мектепке дейінгі тәрбиелейтін және оқытатын түзету (орнын толтыратын) ұйымы; дамуда мүмкіндігі шектеулі балалар үшін бала бақша (бөбекжай); дамуда мүмкіндігі шектеулі балалар үшін оқыту-тәрбиелеу орталығы; дамуда мүмкіндігі шектеулі балалар үшін «бала бақша-мектеп» кешені; дамуда ауытқулары бар оқушылар, тәрбиеленушілер үшін түзету мектептері.

12. 3.5-сұрақта білім ұйымдарының ішінде түзету-педагогикалық қолдауды арнайы педагог (педагог-дефектолог), психолог, әлеуметтік педагог жүзеге асырады. Ұйымдардан тыс балаларды оқыту үдерісін сүйемелдеуді арнайы түзету білім ұйымдарының, ПМПК (психологиялы-медициналы-педагогикалық кеңестің), психологиялы-педагогикалық түзету бөлмелерінің, логопедтік пункттердің мамандары, сонымен қатар медициналық мекемелер мамандары жүзеге асырады.

13. 4-бөлімнің 1.4-сұрағында үй шаруашылығы мүшелерінің бірінші бос ұяшыққа жазылатын жалпы саны көрсетіледі. Үй шаруашылығы мүшелерінің уақытша шыққандары (2 айдан көп мерзімге) және уақытша келгендері есепке алынбайды. Сұрақтар тізбесінде көрсетілген тиісті мәртебесіне қарай үй шаруашылығы мүшелерінің саны тиісті ұяшықта көрсетіледі. «Олармен туыстық байланысы жоқ, басқа үй шаруашылықтары мүшелері» деген 8-жолда ұсынылған санаттардың ешқайсысына жатпайтын үй шаруашылығы мүшелері көрсетіледі. Бірінші ұяшықта көрсетілген үй шаруашылығы мүшелерінің саны төменгі ұяшықтардағы жауаптардың жиынтығына сәйкес келеді.

14. 4.2-сұрақта тіршілік әрекеті мен оның әлеуметтік қорғану қажеттілігіне шек қоюға әкелетін ауру-сырқауларға, жарақаттарға, олардың зардаптары мен ақаулықтарына негізделген ағзаның атқару қызметінің тұрақты бұзылуына байланысты денсаулығы бұзылған тұлғалар көрсетіледі.

15. 4.4-сұрақта баланың ата-анасының (қамқоршысының) аяқталған білім деңгейі белгіленеді.

Білім беру келесі деңгейлерге бөлінеді:

- 1) бастауыш білім - бастауыш мектептің аяқталған деңгейі болып табылады (

1972 жылы және одан бұрын үшжылдық мектептің 3 немесе 4 сыныптары; қазіргі уақытта 5-9 сыныптарда оқиды);

2) негізгі орта - жалпы білім беретін мектептің 9 сыныбын бітіру (1992 жылы және одан бұрын толық емес орта мектепті (жеті (8 немесе 9) жазғы мектепті); қазіргі уақытта 10-11 (12) сыныптарда немесе училище, колледжде оқиды);

3) жалпы орта - жалпы білім беретін мектептің 11 (12) сыныбын бітіру (қазіргі уақытта училище, колледжде (9 сыныптан кейін) немесе ЖОО-да оқиды);

4) техникалық және кәсіптік - кәсіптік лицейді (кәсіптік техникалық мектепті), училищені, колледжді (техникумды) бітіру;

5) жоғары - жоғары оқу орнын бітіру (институт, академия, университет және тағы басқа);

6) аяқталмаған жоғары - ЖОО-да оқудың жартысынан аса мерзімі (2 курс және одан жоғары) ішіндегі оқу есептеледі;

7) жоғарыдан кейінгі - академиялық немесе ғылыми дәрежесінің бар болуы (магистр, ғылым кандидаты, ғылым докторы, PhD докторы).

1-жолда бастауыш білімі жоқ, бірақ оқу мен жазудың дағдылары бар респонденттер белгіленеді.

16. 4.5-сұрақтың «Иә, өзге де тәуелділік» жауап нұсқасында респондент атаған барлық басқа тәуелділіктері белгіленеді (компьютерлік, құмарлық ойындар, тамаққа тәуелділік және тағы басқа)

17. 4.8-сұрақта респондент баланың әдеттегі күнін сипаттайды. Егер бала аталған белсенділік түрімен күнделікті айналыспайтын болса, онда сол айналысатын күні қанша уақыт бөлетінін көрсетіңіз.

18. 5-бөлімнің 5.4-сұрағында кестенің барлық жолдары бойынша интервьюер тиісті кодты қояды. Егер бірнеше қожайынға ортақ санторап, себізгі және асүйі бар жатақханада тұрып жатқан үй шаруашылығы зерттелсе, онда осы үй шаруашылығында осы абаттандырудың түрлері бар деп саналады. Егер үй шаруашылығында қандай да бір себеппен (төлем бойынша қарыздар және тағы басқалары) абаттандырудың белгілі бір түрлері уақытша жұмыс істемесе, олардың бары міндетті түрде көрсетіледі.

Орталықтан жылыту жылу электростанциясы немесе қазандықтардың көмегімен жүзеге асады. Егер жылыту ғимарат немесе тұрғын үйдің ішінде қарастырылған құрылғының көмегімен немесе энергия көздеріне қарамастан жылыту мақсатына арналған болса, онда ол жеке орнатылған жылытуға жатады. Оларға бөлек үйлерде немесе тұрғын үй кешендерінде орналастырылған автономды жылыту жүйелері, көмір және отынмен жылытатын пештер жатады. Жылытқыштар мен ауа баптағыштар (сплит-жүйе) мұнда қосылмайды.

19. 5.5-сұрақта үй шаруашылығының бір айда орташа есеппен алатын жалпы ақшалай табысы (үй шаруашылығының барлық мүшелерінің ақшалай

табыстарының жиынтығы) көрсетіледі. Егер соңғы жыл ішінде алынған орташа айлық ақшалай табысты анықтау мүмкін болмаса, осы айда алынған ақшалай табыс мөлшері бойынша әдеттегідей болса, онда соңғы айдағы ақшалай табысты көрсетуге болады. Табыстың жалпы сомасына табыстың барлық түрін қосу керек (соның ішінде әлеуметтік көмек, алименттер, туыстарының көмегі, жеке қосалқы шаруашылықтан түскен табыс, мүмкіндігінше толық есептей отырып және өзгелері).

20. 5.6-сұрақта үй шаруашылығының қолда бар күнкөріс қаражатының көздері көрсетіледі.

1-жолда жұмыс берушімен еңбек қарым-қатынасы нәтижесінде алынған табыстар көрсетіледі (еңбек шартын жасамай жеке тұлғада орындаған жұмысына еңбек ақыны қосқанда).

Өз бетінше жұмыспен айналысудан түскен табыс өзінің жеке кәсіпорнынан (бизнесінен), жеке кәсіпкерлік қызметтен (патентпен немесе патентсіз) түскен табыстарды қамтиды.

4-жолда мемлекеттік жәрдемақылардың барлық түрлері: мүгедектігі бойынша, әскери қызметшілердің отбасыларын есепке ала отырып, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты (зейнетақы алу үшін еңбек өтілі болмағанда) берілетін жәрдемақылар қамтылады. Сондай-ақ, мұнда арнайы мемлекеттік жәрдемақылардың барлық түрлері: Ұлы Отан Соғысы (бұдан әрі - ҰОС) мүгедектері мен қатысушыларына, ҰОС мүгедектері мен қатысушыларына теңестірілген адамдарға, ҰОС қаза болған жауынгерлердің жесірлеріне, ҰОС қайтыс болған мүгедектерінің әйелдеріне (ерлеріне), «Кеңес Одағының батырларына», қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасыларына, тылда еңбек еткендерге, Чернобыль атом электростанциясы апатының зардаптарын жоюға қатысушыларға, 1, 2 және 3 - топтағы мүгедектерге, 18 жасқа дейінгі мүгедек балаларға, «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған көп балалы аналарға, төрт және одан көп бірге тұратын кәмелетке толмаған балалары бар көп балалы отбасыларға, ақталған азаматтарға, сол сияқты баланың туылуына байланысты және 1 жасқа дейінгі балалар күтіміне берілетін жәрдемақылар жатады. Әлеуметтік төлемдердің жоғарыда аталған түрлерін «өзге» санатына жатқызуға жол берілмейді.

«Әлеуметтік көмектің басқа да түрлері» санатына атаулы әлеуметтік көмек, тұрғын үй көмегін және өзгелерді, соның ішінде жұмыс беруші тарапынан материалдық көмек және қайырымдылық түскі астар, киім-кешектер, аяқкиімдер, тамақ өнімдері және тағы басқа түрдегі заттай көмек жатқызылады.

Үй шаруашылығының жеке қосалқы шаруашылық (саяжайдан, бақшадан) жүргізуден алған тамақ өнімдерін өзі тұтынуы 8-жолда көрсетіледі. Егер үй шаруашылығының жеке қосалқы шаруашылықты жүргізу нәтижесіндегі мал

шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығында өндірген өнімі басқа үй шаруашылықтарына сатылатын және/немесе сауда желілері (дүкендер, базарлар, шатырлар, автодүкендер және өзгелері) арқылы өткізілетін болса, алынған табыс «жеке қосалқы шаруашылықта өндірілген өнімді өткізуден (сатудан) түскен табыс» санатына жатады және 9-жолда көрсетіледі.

Малды сатудан түскен табыс «жеке қосалқы шаруашылықта өндірілген өнімді өткізуден (сатудан) түскен табыс» санатына жатқызылады. Тауарларды дүкенде өткізуден алынған пайда (егер дүкен үй шаруашылығының меншігі немесе үй шаруашылығының мүшесі (мүшелері) жалға алынатын ғимараттағы тауарларды сатуды жүзеге асыратын болып табылатын (табылатындар) болса) - өз бетінше қамтылған жұмыстан түскен табыс болып табылады.

10-жолда басқа кәсіпорындардың жарғылық капиталындағы үлестік қатысудан түскен түсімдер көрсетіледі, яғни 13-жолда көрсетілетін бағалы қағаздардан, акциялар бойынша дивиденттерден түскен табыстарды қоспағандағы бірлескен қызметтен түскен табыс.

«Туыстарының, таныстарының көмегі» санатына туыстары мен таныстардан материалдық әрі заттай түрдегі көмек жатады.

Барлық өзге де табыстар «Басқа» санатына жатқызылады.

21. 6-бөлімінің 6.3-сұрағында баланың ата-анасы (қамқоршысы) жүгінген ұйымдар белгіленеді.

22. 6.6-сұрақта арнайы әлеуметтік қызметтер ретінде, қиын өмірлік жағдайды бастан өткеріп жатқан тұлғаға (отбасына) туындаған әлеуметтік мәселелерді еңсеру үшін және оларға басқа азаматтармен тең қоғам өміріне қатысу мүмкіндігін жасауға бағытталған жағдайларды қамтамасыз ететін қызметтер кешені түсіндіріледі. Арнайы әлеуметтік қызметтердің кепілді көлемінен (бюджет қаржаты есебінен ұсынылатын арнайы әлеуметтік қызметтердің бірыңғай тізімі) және ақылы арнайы әлеуметтік қызметтерден тұрады.

Арнайы әлеуметтік қызметтердің кепілді көлемінің тізбесі:

- 1) әлеуметтік-тұрмыстық;
- 2) әлеуметтік-медициналық;
- 3) әлеуметтік-психологиялық;
- 4) әлеуметтік-педагогикалық;
- 5) әлеуметтік-еңбектік;
- 6) әлеуметтік-мәдени;
- 7) әлеуметтік-экономикалық;
- 8) әлеуметтік-құқықтық қызмет.

23. 6.9-сұрақта егер баланың жасы 10-ға толмаса, ой-өрісі сақталған балаларда, қозғалу және қызмет көрсетуде айқын қиындықтары бар және тірек-қимыл аппараты айқын бұзылған балаларда «Қолданылмайды» жауап

н ұ с қ а с ы

б е л г і л е н е д і .

24. 6.10-сұрақта мүгедектігі бар балалар үшін қарастырылған салық жеңілдіктерін отбасы және олардың ата-аналары (қамқоршылары) қолдана ма  
ж а у а б ы б е л г і л е н е д і .

Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 156-бабы 1-тармағының 13-тармақшасында I, II, III топтардағы мүгедектердің, сондай-ақ мүгедек баланың, жеке табыс салығынан, «мүгедек бала» деген санаты бар адам он сегіз жасқа толғанға дейін - мұндай адамның ата-анасының бірінің және «бала кезінен мүгедек» деген себеппен мүгедек деп танылған адамның өмір бойына – оның ата-анасының бірінен жеке тұлғаның салық салынатын табыстарынан ең төменгі жалақының 55 еселенген мөлшері шегінде бір жылдағы табыстарынан  
б о с а т ы л ғ а н .

Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 365-бабы 3-тармағының 5-тармақшасына сәйкес бір автокөлік құралы бойынша – меншігінде мотоколяскалары мен автомобильдері бар барлық топтағы мүгедектері көлік құралы салығынан босатылады.

Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 373-бабы 3-тармағы 4-тармақшасына сәйкес барлық топтағы мүгедектер, сондай-ақ бала жасынан мүгедектің ата-анасының біреуі жер салығының салымшысы болмайды, келесілер бойынша: тұрғын-үй қоры, соның ішінде, оның жанындағы құрылыстар мен ғимараттар орналасқан жер учаскелері; үй маңындағы жер учаскелері; өзіндік (қосалқы) үй шаруашылығын жүргізу, бағбандық үшін берілген және құрылыс алып жатқан жерлерді қоса алғанда, саяжай құрылысына  
а р н а л ғ а н ж е р у ч а с к е л е р і ;

Мүлік салығынан меншік құқығы барлық салық салу объектілерінің жалпы құнынан айлық есептік көрсеткіштің 1500 еселенген мөлшері шегінде I және II топтағы мүгедектер (Қазақстан Республикасы Салық кодексі 2-бап (3-тармақшасы бойынша) босатылған.

Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 457-бап 1-тармақшасында дара кәсіпкелерді тіркеу бойынша алымдарды төлеуден I, II және III топтағы мүгедектер босатылғаны туралы қарастырылған.

Барлық топтағы мүгедектер, сондай-ақ бала жасынан мүгедектің ата-аналарының бірі жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу және олармен келісім бойынша алымдарды төлеуден босатылады (Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 457-бабы (2-тармақшасы).

Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 541-бабы (12-тармақшасына сәйкес) мүгедектердің барлық топтары, сондай-ақ бала жастан мүгедектердің ата-аналарының бірі - барлық істер мен құжаттар бойынша соттарда мемлекеттік  
б а ж т ө л е у д е н б о с а т ы л а д ы ;

Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 452-бабы (4-тармақшасына сәйкес ) мүгедектердің барлық топтары, сондай-ақ бала жастан мүгедектердің ата-аналарының біреуі барлық нотариалдық іс-әрекеттері бойынша мемлекеттік б а ж т ө л е у д е н б о с а т ы л а д ы .

Тұлғалардың азаматтығы жоғын куәландыратын және шетел азаматтарына тұруға ықтиярхаттар, сонымен қатар Қазақстан Республикасы азаматтарының жеке куәліктері мен төлқұжаттарын берген кезде мүгедектердің барлық топтары, сондай-ақ бала жастан мүгедектің ата-аналарының біреуі тұрғылықты орнына тіркелу үшін мемлекеттік бажды төлеуден босатылады.

Мотокөлікке, автокөлікке тіркеме және автокөлікке мемлекеттік тіркеу нөмір белгісін беру барысында мемлекеттік баж төлеуден мүгедектердің барлық топтары, сондай-ақ бала жастан мүгедектердің ата-аналарының біреуі б о с а т ы л а д ы .

25. 7-бөлімнің 7.1-сұрағында барлық мүмкін болған жауап нұсқалары шектеусіз белгіленеді: ол балаларға өздігінен қолжетімді ме немесе үлкендердің, әлде басқа тұлғаның көмегімен бе .

26. 8-бөлімнің 8.2-сұрағында оларды алу кезеңін шектеусіз мемлекеттік қызметтердің негізгі түрлеріне респонденттің қанағаттанушылық дәрежесін анықтауға бағытталған, яғни респондент алған нақты қызмет бойынша ахуал бағаланады. Жауаптар көлденеңінен белгіленеді. Респондентпен мемлекеттік қызметті бағалау жүргізу мүмкіндігі болмаған жағдайда берілген сұраққа теріс жауап «жауап беруге қиналамын» бағанында «4» нөмірге сәйкес белгіленеді. Егер респондент 8.2-сұрақта көрсетілген мемлекеттік қызметтің пайдаланушысы болмаса, онда «жүгінген жоқпын» (5-кодымен) жауап нұсқасын белгілеу керек.

27. «Мүгедектігі бар баланы және оның даму жағдайларын байқау парағы» респонденттің келісімін алғаннан кейін толтырылады. 8 және 9-бөлімдердің сұрақтары 10 жастан жоғары балаларға тек ғана 26-сұрақтың жауабында тіркелген респонденттің (ата-аналары, қамқоршылары немесе басқа ересек тұлғалар) келісімін алғаннан кейін қойылады (10 жастағы балалар үшін 27-ші сұрақтан бастап, және 34-ден бастап 16 жастағы балаларға).

28. 3-6, 19, 23-24, 28, 31, 33-34 және 39-42-сұрақтарда жауаптың бірнеше н ұ с қ а с ы б о л у ы м ү м к і н .

29. Пікіртерімді бітірген соң, интервьюер пікіртерім барысында қандай болса да бір бөлімдер немесе сұрақтар қалып кетпегендігіне көз жеткізу үшін статистикалық нысанды тағы да бір рет қарап шығады және респонденттерге ынтымақтастығы және көмектескені үшін міндетті түрде алғыс білдіреді.

Интервьюер үй шаруашылығынан тысқары жерде статистикалық нысанды қайта қарап шығып, егер қандай да бір сәйкессіздік тапса, онда үй

шаруашылығына қайта барып (өзі барып немесе телефонмен), жетпейтін ақпаратты анықтайды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК